

12.03.96

г. Уральск

В связи с разгосударствлением имущества и переходом к рыночной экономике 15.04.91 года был образован отдел по управлению государственным имуществом. Он был призван выполнять функции разгосударствления и приватизации государственной собственности в области с целью повышения эффективности хозяйственной деятельности товаропроизводителей, улучшения качества продукции и насыщения потребительского рынка. Нарботанного опыта не было. Такие отделы создавались в местных органах власти впервые. Для того, чтобы отделы работали грамотно, необходима была высокая квалификация специалистов, способность быстро осваивать и применять выходящие законы, умение оперативно и применительно к специфике области обобщать, разрабатывать и применять на местах методы и формы разгосударствления собственности. Поэтому принимались на работу с 3-х месячным испытательным сроком. Все ведущие специалисты должны были обладать способностью анализировать, прогнозировать, информировать происходящие события в рыночной экономике.

Основание: ф. оп. I "л" Д. I л. I-9

В связи с большими экономическими преобразованиями в Республике, возникла необходимость в органе, занимающимся передачей части объектов госсобственности в иные формы собственности: частную, коллективную и т.д. Таким органом стал Уральский территориальный комитет по госимуществу, который был образован 29.07.91 года.

Свою работу комитет начал с разъяснения значения разгосударствления и приватизации, выступая на страницах газет, телерадиопередач. В его обязанности входило также проведение аукционов и конкурсов.

В связи с разделением государственной собственности на республиканскую и коммунальную, комитет занимался преобразованием только республиканской собственности.

Первый аукцион и конкурс по продаже государственного имущества состоялся в октябре 1991 года. Было продано пять магазинов и одна парикмахерская. По конкурсу было продано два предприятия общественного питания, салон бытовых услуг и магазин - кулинария. В октябре было продано еще два предприятия. 14 октября на своем заседании комитет утвердил ~~xxxxxxxxxxxxxxxx~~ материалы комиссии по выкупу в коллективную собственность механизированной колонны "Южказэлектросетьстрой" и МП "Агродорстрой".

В декабре, на заседании коллегии комитета утверждены материалы по выкупу в коллективную собственность СУ "Отделстрой", механический комбинат, совхоз "Булдуртинский" Джамбейтинского района, завод ме

металлоизделий, одно предприятие общепита, два объекта малого предприятия "Аэропорт-сервис" и магазина-столовой в п. Джамбейта.

Всего за 1991 год было приватизировано 20 объектов на сумму 36,9 млн. рублей.

По состоянию на 01.01.92 год в комитет обратилось свыше 60 предприятий и организаций с заявками на преобразование государственной собственности.

Основание: ф. оп. I д. I л. 7-9

В первом году образования комитета его штатное расписание выглядело следующим образом: председатель, первый заместитель, заместитель, 4 начальника отделов, 3 начальника подотдела, 4 главных специалиста, 3 ведущих специалиста, ведущий юрист, гл. бухгалтер, завхоз, секретарь-руководитель, машинистка, кассир, шофер, уборщица.

Основание: ф. оп. I д. 3 л. 12

В 1992 году, активизируя свою работу, в соответствии с Законом "О разгосударствлении и приватизации, Указа Президента Республики Казахстан № 732 от 28.04.92 года "О мерах по активизации работы по разгосударствлению и приватизации собственности в отраслях материального производства", приказом № 65 от 06.03.92 года комитета по госимуществу было создано при комитете Бюро по приватизации.

Основание: ф. оп. I д. 6 л. 126

По состоянию на 01.01.93 года в области было приватизировано 147 объектов, в том числе пять акционировано.

По отраслям это выглядело так:

- | | | |
|------------------------|------|----------|
| - торговля | - 36 | объектов |
| - общепит | - 19 | " " |
| - бытовое обслуживание | 24 | " " |
| - промышленность | - 16 | " " |
| - строительство | - 19 | " " |
| - транспорт | - 1 | " " |
| - сельское хозяйство | - 23 | " " |
| - коммунальное хоз-во | - 1 | " " |
| - другие отрасли | - 8 | " " |

Были преобразованы в коллективную собственность 23 совхоза Сырымского, Каменского, Урдинского, Акжайкского, Каратобинского, Тайпакского районов.

В результате приватизации объектов госсобственности перечислено денежных средств в бюджет 159 млн. рублей, в том числе в республиканский - 132,2 млн. рублей, в местный - 26,8 млн. рублей.

Основание: ф. оп. I д. 8 л. 2

Штатное расписание на 1992 год включало в себя: руководство - 5 человек, отдел разгосударствления и приватизации предприятий и

организаций области - 9 человек, отдел разгосударствления и приватизации агропромышленного комплекса - 2 человека, административно-хозяйственная служба - 6 человек.

Основание: ф. оп. I д. 813 л. 25

Если на первом этапе приватизации (1991-92 годы) были введены приватизационные жилищные купоны, то в 1993 году вводятся приватизационные инвестиционные купоны. С этого года используются купоны двух видов: - в процессе малой приватизации используются жилищные купоны в форме сертификатов;

- приватизационно-инвестиционные купоны оформляются в виде счетов в отделениях сбербанка и используются для приобретения акций инвестиционных фондов.

На конец года 25 объектов были приватизированы и выкупная стоимость их составила 2032 млн. рублей.

В области велась подготовительная работа по подготовке кадров и созданию инвестиционно-приватизационных фондов (ИПФ).

По состоянию на 01.01.94 года населению было начислено 2695 млн. единиц жилищных купонов, по которым приватизировано 81725 квартир и домов. Остаток купонов после выкупа жилья составил 1650 млн. единиц,

По Западно-Казахстанской области преобразованы в акционерные общества открытого типа все предприятия грузового автотранспорта, ранее входившие в состав областного производственного Автообъединения.

Основание: ф. оп. I д. 18 л. 6, 42, 61, 65

За год были преобразованы в акционерные общества открытого типа 63 предприятия, из них с последующей реализацией акций в рамках малой приватизации 10 оптово-розничных баз, в рамках массовой приватизации - 41 предприятие и 12 предприятий по индивидуальному проекту. Все эти предприятия были зарегистрированы и получили свидетельства о государственной регистрации.

Основание: ф. оп. I д. 26 л. I

В этом году в штатном расписании произошли некоторые изменения: в отделе руководства - 5 человек, в отделе массовой приватизации - 4, в отделе малой приватизации - 4, в отделе экономического анализа, контроля, информации и госреестра - 4, в отделе агропромышленного комплекса - 3, в хозяйственном отделе - 5.

По районам главных специалистов было 16, также и ведущих.

Основание: ф. оп. I д. 27 л. 23, 24

В 1994 году в области имелись 146 государственных сельскохозяйственных предприятий, из которых согласно национальной программе подлежали приватизированию 112 хозяйств, в том числе приватизации - 107, акционированию - 5.

За первое полугодие были приватизированы имущества 99 государственных

сельскохозяйственных предприятий, на базе которых созданы коллективные предприятия, основанные на частной собственности членов трудового коллектива с определением имущественных и земельных паев каждого.

По области были акционированы две прицефабрики, где 30% акций принадлежали смежникам, 10% - членам трудового коллектива как привелигированные, 20% продавались им же, 40% акций оставались госпакетом.

В этом году также акционированы два предприятия мясной и молочной промышленности: АО "Срал" (бывший мясокомбинат) и областное объединение молочной промышленности АО "Береке". 40% акций этих предприятий принадлежит сельхозпроизводителям.

Штатное расписание выглядело следующим образом: руководство - 6 человек, отдел массовой приватизации и инвестиций - 4, отдел малой приватизации - 6, отдел экономического анализа, контроля, информации и госреестра - 3, отдел агропромышленного комплекса - 33, общий - 7.

Основание: ф. _ оп. I п. 35 л. 18

В связи с Указом Президента "О реорганизации Государственного Комитета Республики Казахстан по государственному имуществу от 18.03.95 года и приказом ГКИ № 72 от 24.03.95 года "Об образовании комитета и мероприятиях в связи с реорганизацией Государственного комитета Республики Казахстан по госимуществу" были созданы два комитета.

В результате научно технической обработке документов Западно-Казахстанского территориального комитета были составлены: опись № I постоянного хранения за 1991-94 годы в количестве 37 дел, куда вошли отчеты, сметы и штатные расписания, приказы по производственным вопросам, документы аукционов и конкурсов, текстовые и статистические отчеты и т.д.; опись № I "л" по личному составу за эти же годы в количестве II дел, куда вошли приказы по личному составу, личные счета, тарификационные списки и списки работников комитета. Актом на списание уничтожены дела с истекшими сроками хранения и не представляющие историческую ценность в количестве I7 дел.

Состояние документов удовлетворительное. Текст на русском языке, способ воспроизведения, в основном, машинописный.

Архивист I-й категории:

Ашгалиев Т.М.

**Батыс Қазақстан мемлекеттік мүлік жөніндегі
аймақтық комитеті мұрағаттық қорына
ТАРИХИ АНЫҚТАМА**

2013 жылғы «15» 07

Орал қаласы

Мүліктің мемлекет иелігінен алынуына және нарықтық экономикаға көшуге байланысты 1991 жылғы сәуір айының 15 күні мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі бөлім болып құрылды. Бөлім тауар өндіру шаруашылығының қызметіндегі тиімділікті жетілдіру және нарық қажеттілігін толықтыру, өнімнің сапасын арттыру мақсатында мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру жүйелерін орындауды міндетіне алды. Тәжірибе болмады. Мұндай бөлімдер жергілікті билік органдарында алғаш құрылды. Бөлімге сауатты жұмыстану үшін енген заңдарды тез меңгеретін және өзгертулер кезінде мүлікті мемлекет иелігінен алудағы әдіс – тәсілдерді жұмыс тәжірибесінде белсенділікпен қолдана алатын жоғары білікті мамандар қажет болды. Сондықтан да 3 айлық сынақ мерзімімен жұмысқа алынды. Барлық жетекші мамандардың нарықтық экономикадағы жаңалықтарды қорытындылауға, болжай және ақпараттандыра білуге қабілетті болулары шарт болды.

Республикада үлкен экономикалық өзгерістердің пайда болуына байланысты орманда мемлекеттік меншік нысандарының жарты бөлігін, соның ішінде жеке, ұжымдық және т. б. меншік нысандарын тапсырумен айналысу қажеттілігі туды. Солардың бірі, 1991 жылы 29 шілдеде құрылған мемлекеттік мүлік жөніндегі Орал аймақтық комитеті болды. Комитет өз жұмысын баспа беттері арқылы мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің маңызын түсіндіруден бастады. Сонымен қатар, байқаулар мен аукциондарды өткізуде комитеттің міндетіне кірді.

1993 жылғы 23 желтоқсандағы №4/42 Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлік комитетінің қаулысымен Батыс Қазақстан мемлекеттік мүлік жөніндегі аймақтық комитеті құрылды.

Батыс Қазақстан мемлекеттік мүлік жөніндегі аймақтық комитеті Қазақстан Республикасының меншікке қатысты мемлекеттік қызығушылықтарын ұсынатын өкілет және Қазақстан Республикасының мемлекеттік меншігін билеу, қолдану және тарату құқығын жүзеге асыратын органы болып табылды.

Аймақтық комитет кәсіпорындарды, ұйымдарды, ұжымдарды қайта олардың меншіктің жеке және аралас түріне негізделген кәсіпорындағы мемлекеттік меншік болып саналатын құрылымдық бірліктері мен бөлімшелерін бірыңғай мемлекеттік жекешелендіру саясатын жүргізді.

Аймақтық комитет өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Заңдары мен Жарлықтарын, Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесі мен Қазақстан Республикасы Министрлігі Кабинетінің Қаулыларын, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік комитетінің мемлекеттік мүлік жөніндегі қаулылары мен

нормативтік актілерін, сонымен қатар, осы Ережені басшылыққа алды.

Аймақтық комитеттің міндеттері:

республиканың мүліктік құқығын және қызығушылығын қорғауға;
 мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдардың жеке меншігіне
 акционерлік қоғам мүлігіндегі мемлекет үлесіне, басқа да қоғамдастықтар
 мен серіктестіктерде өкілеттіліктерін жүзеге асыруға;

баланстан мемлекеттік кәсіпорын баланысына қолданылуы тиімсіз
 ғимараттарды, құрылыстарды және басқа да негізгі қорларды тапсыру
 туралы шешімдер қабылдауға;

жеке және аралас түрдегі меншіктерге негізделген кәсіпорындарда
 мемлекеттік кәсіпорындарды қайта жанартуды, Ұлттық мемлекет иелігінен
 алу және жекешелендіру бағдарламасын жүзеге асыруға және жетілдіруге
 қатысуға; елді мекендердің инвестициалық купондарымен лицензиалық
 негізгі жұмыстарын жүзеге асырудағы инвестициялық жекешелендіру қорын
 құру бойынша жұмыстарды ұйымдастыруға;

мемлекеттік меншікті түбегейлі өзгерту мәселелерін реттейтін
 заңнамалық және нормативтік актілер жобасын дайындауға қатысуға;

мемлекет иелігінен алуға және жекешелендіруге жататын мемлекеттік
 кәсіпорындардың құнын бағалау және сараптама жасау жұмыстарын
 ұйымдастыру;

мемлекеттік меншігіндегі нысандарды жекешелендіру кезіндегі
 сатушы міндеттерін қалыптастырады;

акционерлік қоғамдарды, басқа да шаруашылық қоғамдарды және
 серіктестіктерді мемлекеттік кәсіпорындар базасына енгізу барысында
 ұйымдастырушы болуға;

мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру бойынша жұмыстар
 жүргізуге лицензиялар беруге, инвестициялық жекешелендіру қорының
 қызметіне және тиісті инвестициялық купондардың қолданылуына бақылау
 жүргізуге;

нарықтық құрылымда шағын сауда мен кәсіпкерлікті мемлекет
 иелігінен алу және жекешелендіру үрдісінде олардың қызметінің тиімділігін
 арттыру мақсатында демеушілік жасауды, бақталастылыққа қабілетті тауар
 өндірушілерді қалыптастыруды қамтамасыз етуге;

мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру жөніндегі бірыңғай
 мемлекеттік саясатты жүргізуге және бақылауға;

Аймақтық комитеттің құқықтары:

сату, тапсыру мәселелерін шешуге, кәсіпорындар мен мекемелердің
 мемлекеттік меншікті қолдануларын уақытша тоқтатуға;

меншіктік аталған түрлеріне негізделген кәсіпорындағы мемлекеттік
 меншігіндегі кәсіпорынды қайта өзгерту туралы шешім қабылдауға;

жергілікті өкілеттілік және атқарушы органдардың пікірімен санаса
 отырып, кәсіпорындарды мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру тәртібі
 мен түрін анықтауға;

мемлекеттік кәсіпорындарды мемлекет иелігінен алу және
 жекешелендіру жұмыстарын жүргізу үшін комиссия құруға;

мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіруге жататын мемлекеттік кәсіпорын базасындағы өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымдық нысандарды ақысыз тапсыру туралы шешімдер қабылдауға;

мемлекеттік меншік нысандарын мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру кезінде заңға сәйкес жеңілдіктерді ұсынуға;

заңды және жеке тұлғалармен мемлекеттік меншік нысандарын сату бойынша келісім шарт жасасуға, жаңа меншік иелігі құқығын алуда мемлекеттік актімен (куәлікпен) куәландыруға;

азаматтар мен мемлекеттік емес заңды тұлғаларға мемлекеттік кәсіпорынға меншік құқығын беру немесе мемлекеттік меншікті қайта өзгерту актілерін тіркеуге.

Мемлекеттік меншік республикалық және коммуналдық болып бөлінулеріне байланысты комитет тек республикалық меншікті жаңартумен айналысты. Алғашқы аукцион мен байқау 1991 жылғы қазан айында мемлекеттік мүлікті сату бойынша өткізілді. Бес дүкен мен бір шаштараз сатылды. Байқау бойынша екі қоғамдық тамақтану кәсіпорны, тұрмыстық қызмет салоны және аспазхана-дүкен сатылды. Қазан айында тағы да екі кәсіпорын сатылды. Комитет 14-ші қазанда өткен өз отырысында ұжымдық меншікке «Южказэлектросетьстрой» механизаторлық бағандарды және «Агродорстрой» ШК –ның сатып алу жөніндегі комиссия материалын бекітті. Желтоқсан айында комитеттің әріптестері отырысында ұжымдық меншікке «Отделстрой» ҚБ-ын, механикалық комбинатты, Жымпиты ауданының Бұлдырты совхозын, металл өндіретін зауыттарды, бір қоғамдық тамақтану кәсіпорнын, екі «Аэропорт-сервис»шағын кәсіпорындарын және Жымпиты ауылындағы асхана –дүкенді сатып алу жөніндегі материалдар бекітілді.

1991 жылы барлығы 20 нысан 36, 9млн-ға жекешелендірілді. 1992 жылдың 1 қаңтарына дейін комитетке 60-тан жоғары кәсіпорындар мен ұйымдар мемлекеттік меншікті өзгертуге тапсырыс берді.

Бірінші жылы комитеттің штаттық кестесі келесідей бағытта болды: төраға, бірінші орынбасар, орынбасар, 4 бөлім бастығы, 3 бөлімше бастығы, 4 бас маман, 3 жетекші маман, жетекші заңгер, бас есепші, шаруашылық меңгерушісі, жетекші-хатшы, машинист, кассир, жүргізуші, еден жуушы.

Комитет 1992жылы өз жұмысын жетілдіруде Қазақстан Республикасы Президентінің 1992 жылғы 28 сәуірдегі №732 «Материалдық өндіріс саласында мемлекет иелігінен алу және меншікті жекешелендіру шаралары туралы» Жарлығына, «Мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру туралы» Заңы мен комитеттің 1992 жылдың 6 наурызындағы №65 бұйрығына сәйкес комитет ішінен жекешелендіру бюросын құрды.

Облыста 1993 жылдың 1 қаңтарына қарасты 147 нысан жекешелендіріліп, соның 5-уі акционерленді.

Салалар бойынша:

- сауда - 36 нысан

- қоғамдық тамақтану - 19 нысан
- тұрмыстық қызметтер -24 нысан
- өндіріс - 16нысан
- құрылыс -19нысан
- көлік -1нысан
- ауылшаруашылығы -23нысан
- коммуналдық шаруашылық -1нысан
- басқа да салалар -8нысан

Сырым, Камен, Орда, Ақжайық, Каратөбе, Тайпақ аудандарына қарасты 23 совхоз ұжымдық меншікке ауысты. Мемлекет меншігіндегі нысандарды жекешелендіруге бюджеттен 159млн. , соның ішінде республикалық бюджетке 132, 2млн. , жергілікті бюджетке 26, 8 млн. қаржы бөлінді.

1992жылғы штаттық кестеде басшылық - 5адам, облыстың кәсіпорындары мен ұйымдарын мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру бөлімінде-9 адам, агроөндірістік кешенді мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру бөлімінде-2 адам, әкімшілік-шаруашылық қызметінде – 6 адам болды.

Жекешелендірудің алғашқы кезеңінде (1991-1992жж.) тұрмыстық жекешелендіру купондары енгізілсе, 1993 жылы инвестициалық жекешелендіру купоны шығарылды. Осы жылдан бастап купонның екі түрі қолданылды:

- шағын жекешелендіру үрдісінде сертификат түріндегі тұрмыстық купондар;
- инвестициалдық жекешелендіру купоны шот түрінде жинақ банкілері бөлімдерінде толтырылып және инвестициалық қор акцияларын сатып алу үшін қолданылды.

Жыл аяғында сатып алу құны 2032 млн. құраған 25 нысан жекешелендірілді.

Облыста кадрларды дайындау және инвестициалық жекешелендіру қорларын құру бойынша даярлық жұмыстары жүргізілді (ИЖҚ).

1994 жылдың 1 қаңтарына дейін елді мекендерге 81725 пәтер мен үйлер жекешелендірілген 2695 млн. тұрмыстық купон бірліктері бөлінді. Тұрғын үйлерді сатудан қалған купондар 1650 млн. бірлікті құрады.

Батыс Қазақстан облысында бұрын облыстық өндірістік автобірлестіктердің құрамында болған барлық жүк автокөлігі кәсіпорындары ашық акционерлік қоғамы болып жекешеленді.

Жыл бойына 63 кәсіпорын, солардың ішінде шағын жекешелендіру аясында 10 көтерме сауда базасы, бұқаралық жекешелендіру аясында -41 кәсіпорын және жеке жоба бойынша 12 кәсіпорын ашық акционерлік қоғам болып өзгерді. Бұл кәсіпорындардың барлығы тіркеліп, мемлекеттік тіркеу

туралы куәліктер алды.

Осы жылы штаттық кестеге бірқатар өзгерістер енгізілді: басшылық бөлімде - 5 адам, жекешелендіру бөлімінде – 4 адам, шағын жекешелендіру бөлімінде - 4, экономикалық қорытындылау, бақылау, ақпарат және мемлекеттік тіркеу бөлімінде - 4, агроөндірістік кешен бөлімінде - 3, шаруашылық бөлімінде-5адам.

Құжаттардың ғылыми-техникалық өңдеу жұмыстары 1991-1993 жылдары жұмыс барысында ашылған құжаттарға жүргізілді. Ауыспалы істер болуына байланысты құжаттардың уақыт хронологиясы 1991-2007 жылдар болып белгіленді.

Ғылыми – техникалық өңдеу жұмыстарын жүргізуде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы «26» желтоқсандағы № 1605 қаулысымен бекітілген Сақтау мерзімдерін көрсете отырып, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар қызметінде жасалатын үлгілік құжаттар тізбесі және 1994 жылға арналған істер номенклатурасы басшылыққа алынды.

Мұрағаттық қордың маңызы мен құрамын сипаттайтын құжаттар келесідей:

1) тұрақты сақталатын істер - негізгі қызмет бойынша бұйрықтар, аумақтық комитеттің қаулылары, Батыс Қазақстан аумақтық мемлекеттік мүлік жөніндегі комитеттің ережесі, комитеттің жылдық жұмыс жоспары, кәсіпорындарды жекешелендіру бойынша құжаттар, мемлекеттік меншіктегі объектілерді жекешелендіру бойынша өткізілген аукциондар мен конкурстардың құжаттары, ауыл шаруашылығы кешенінің объектілерін акционерлік қоғамға айналдыру бойынша құжаттар, жекешелендіруге жататын объектілердің тізімі, мемлекеттік кәсіпорындарды акционерлік қоғамға айналдыру бойынша құжаттар, жеке жоба бойынша кәсіпорындарды акционерлік қоғамға айналдыру бойынша құжаттар, штаттық кесте және шығындар сметасы, жылдық бухгалтерлік есеп;

2) жеке құрам бойынша істер - жеке құрам бойынша бұйрықтар, комитеттің штат тізімдегі қызметкерлер құрамы, еңбек ақы есептеу кітабы;

3) жеке құрам бойынша жеке істер – 1991-1993 жылдары аралығында жұмыстан босаған қызметкерлердің жеке істері.

Құжаттар қағаз тасымалдағышында. Құжаттардың тілі- орыс тілі, құжаттардың жағдайы – қанағаттанарлық.

Істердің құрамы бойынша құжаттардың толық еместігі анықталды. Соның ішінде 1992-1993 жылдардағы жылдық бухгалтерлік есептер, комитеттің жұмысы туралы жылдық есептері, жекешелендірілген кәсіпорындарды есептеу журналы, меншікті мемлекет иелігінен алу және кіші жекешелендіру ұлттық бағдарламасы, Қазақстан Республикасы мемлекеттік мүлік мемлекеттік комитетіне ұсынылған кәсіпорындарды жекешелендіру барысы бойынша хабарламалар жетіспеді. Құжаттардың болмау себебін

жауапты мамандар бұл істер ашылмаған немесе уақыт көп өтуіне ол уақытта жұмыс істемегеніне байланысты аталған істердің қайда болуы мүмкіндігін білмейтіндігімен түсіндірді.

Өңдеу барысында №5-7 индексімен реттік саны 359, 360, 362 істердегі парақтардың саны талаптарда белгіленген парақтардың санынан көбейіп кетті. Олар кітап ретінде тігілуіне байланысты.

Тұрақты сақталатын істердің №1 тізімдемесінде №2-12 индекспен реттік саны 65, 66, 84, 85, 86, 87, 88, 89, 90, 94, 95, 106, 107, 108, 109, 116, 117, №4-9 индекспен реттік саны 219, 220, №5-8 индекспен реттік саны 385, 386, 387, 388, 389, 390, 391, №5-7 индекспен реттік саны 173, 174, 221, 222, 223, 224, 225, 226, 227, 228, 229, 230, 231, 232, 233, 234, 235, 236, 237, 238, 250, 251, 252, 253, 254, 255, 256, 257, 258, 259, 260, 261, 262, 263, 264, 268, 269, 278, 279, 280, 281, 304, 305, 306, 307, 323, 324, 325, 326, 328, 329, 335, 336, 337, 338, 339, 340, 341, 342, 343, 344, 350, 351, 352, 357, 358, 359, 360, 361, 362, 367, 368 істер уақыт хронологиясымен келмейді. Оның себебі бір мекеменің жекешелендіру құжаттары бір неше томдарға бөлініп тігілген, яғни өтінішке немесе жекешелендіру туралы қаулысына олар қабылданған уақытынан бұрын бекітілген инвентаризациялау актілері, негізгі қорлардың тізімдемелері, бухгалтерлік баланстар сияқты құжаттар жалғанған, оларды томдарға бөліп, тізімдемеде орналастыру реттілігі уақыт хронологиясына қарамастан, бір мекеменің құжаттары бір бірінің қасына орналастырылды.

Тұрақты сақталатын істердің № 1 тізімдемесіне №2-12.1 - Акцияларды және жекешелендіру объектілерін сатып алу-сату келісім шарттарын есептеу жиынтық кестесі, №2-3.1 комитет алқасы отырыстарының хаттамалары жаңа индекстермен істер енгізілді.

Құжаттарды ғылыми-техникалық өңдеу қорытындысы бойынша 1991-1993 жылдар аралығында ашылған істерге (уақыт хронологиясы бойынша 1991-2007 жж.):

- 1) 1991-2007 жылдарғы тұрақты сақталатын істердің № 1 тізімдемесі – 391 іс;
- 2) 1991-1993 жж. жеке құрам бойынша істердің № 1-ж тізімдемесі – 9 іс;
- 3) 1991-1993 жж. жеке құрам бойынша жеке істердің № 2-ж тізімдемесі – 29 іс;
- 4) 1991-1993 жылдары сақтауға жатпайтын құжаттарды жоюға бөлу туралы актісі – 165 іс;
- 5) қордың тарихи анықтамасы жасалды.

Анықтама жасаған



Р. Сакипкалиева

**Батыс Қазақстан мемлекеттік мүлік жөніндегі
аймақтық комитеті мұрағаттық қорына
ТАРИХИ АНЫҚТАМА**

2015 жылғы «__» _____

Орал қаласы

1994 жылы Батыс Қазақстан мемлекеттік мүлік жөніндегі аймақтық комитеті құрылымында өзгерістер болған жоқ.

Батыс Қазақстан мемлекеттік мүлік жөніндегі аймақтық комитеті Қазақстан Республикасының меншікке қатысты мемлекеттік қызығушылықтарын ұсынатын өкілет және Қазақстан Республикасының мемлекеттік меншігін билеу, қолдану және тарату құқығын жүзеге асыратын органы болып табылды.

Аймақтық комитет кәсіпорындарды, ұйымдарды, ұжымдарды қайта олардың меншіктің жеке және аралас түріне негізделген кәсіпорындағы мемлекеттік меншік болып саналатын құрылымдық бірліктері мен бөлімшелерін бірыңғай мемлекеттік жекешелендіру саясатын жүргізді.

Аймақтық комитет өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Заңдары мен Жарлықтарын, Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесі мен Қазақстан Республикасы Министрлігі Кабинетінің Қаулыларын, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік комитетінің мемлекеттік мүлік жөніндегі қаулылары мен нормативтік актілерін басшылыққа алды.

Аймақтық комитеттің міндеттері:

республиканың мүліктік құқығын және қызығушылығын қорғауға;
мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдардың жеке меншігіне акционерлік қоғам мүлігіндегі мемлекет үлесіне, басқа да қоғамдастықтар мен серіктестіктерде өкілеттіліктерін жүзеге асыруға;

баланстан мемлекеттік кәсіпорын баланысына қолданылуы тиімсіз ғимараттарды, құрылыстарды және басқа да негізгі қорларды тапсыру туралы шешімдер қабылдауға;

жеке және аралас түрдегі меншіктерге негізделген кәсіпорындарда мемлекеттік кәсіпорындарды қайта жаңартуды, Ұлттық мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру бағдарламасын жүзеге асыруға және жетілдіруге қатысуға; елді мекендердің инвестициялық купондарымен лицензиялық негізгі жұмыстарын жүзеге асырудағы инвестициялық жекешелендіру қорын құру бойынша жұмыстарды ұйымдастыруға;

мемлекеттік меншікті түбегейлі өзгерту мәселелерін реттейтін заңнамалық және нормативтік актілер жобасын дайындауға қатысуға;

мемлекет иелігінен алуға және жекешелендіруге жататын мемлекеттік кәсіпорындардың құнын бағалау және сараптама жасау жұмыстарын ұйымдастыру;

мемлекеттік меншігіндегі нысандарды жекешелендіру кезіндегі сатушы міндеттерін қалыптастырады;

акционерлік қоғамдарды, басқа да шаруашылық қоғамдарды және

Абабаба

серіктестіктерді мемлекеттік кәсіпорындар базасына енгізу барысында ұйымдастырушы болуға;

мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру бойынша жұмыстар жүргізуге лицензиялар беруге, инвестициялық жекешелендіру қорының қызметіне және тиісті инвестициялық купондардың қолданылуына бақылау жүргізуге;

нарықтық құрылымда шағын сауда мен кәсіпкерлікті мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру үрдісінде олардың қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында демеушілік жасауды, бақталастылыққа қабілетті тауар өндірушілерді қалыптастыруды қамтамасыз етуге;

мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру жөніндегі бірыңғай мемлекеттік саясатты жүргізуге және бақылауға;

Аймақтық комитеттің құқықтары:

сату, тапсыру мәселелерін шешуге, кәсіпорындар мен мекемелердің мемлекеттік меншікті қолдануларын уақытша тоқтатуға;

меншіктік аталған түрлеріне негізделген кәсіпорындағы мемлекеттік меншігіндегі кәсіпорынды қайта өзгерту туралы шешім қабылдауға;

жергілікті өкілеттілік және атқарушы органдардың пікірімен санаса отырып, кәсіпорындарды мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру тәртібі мен түрін анықтауға;

мемлекеттік кәсіпорындарды мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру жұмыстарын жүргізу үшін комиссия құруға;

мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіруге жататын мемлекеттік кәсіпорын базасындағы өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымдық нысандарды ақысыз тапсыру туралы шешімдер қабылдауға;

мемлекеттік меншік нысандарын мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру кезінде заңға сәйкес жеңілдіктерді ұсынуға;

заңды және жеке тұлғалармен мемлекеттік меншік нысандарын сату бойынша келісім шарт жасасуға, жаңа меншік иелігі құқығын алуда мемлекеттік актімен (куәлікпен) куәландыруға;

азаматтар мен мемлекеттік емес заңды тұлғаларға мемлекеттік кәсіпорынға меншік құқығын беру немесе мемлекеттік меншікті қайта өзгерту актілерін тіркеуге.

1994 жылы меншікті мемлекет иелігінен алу және жекешелендірудің екінші кезеңіндегі жұмыстар жалғасын тапты. Бұл орайда, облыс әкімшілігінің келісімімен 1993-1995 жылдарға арналған бағдарлама ҚР Мемлекеттік мүлік комитетімен бекітілді.

Кіші жекешелендіру аясында 24 аукцион мен коммерциялық конкурстарда 138 сауда, тамақтану, қызмет көрсету нысандары сатылды. Кіші жекешелендірудің шеңберінде жекешелендірілген кәсіпорындардың үлесі 84 пайыз құрады. Өтеуін төлеп алу бағасы 38,9 млн. теңге тұрды (бастапқы бағасы - 16,6 млн. теңге).

Сондай-ақ бұл жылы мекемелерді акционерлендіру жұмыстары өзінің жалғасын тапты. Екі жылғы жұмыстың нәтижесінде ауыл шаруашылығы саласы бойынша акционерлендірілмеген 3 мекеме 1995 жылға қалған. Олар

Ростоша, Правда және Мендалиев атындағы кеңшарлар.

Сонымен қатар 8 акционерлік қоғамның 47 пакен акциясының 7,0 млн.теңгеге 38 пакет акциясы сатылды.

1994 жылдың 9 наурызынан бастап БҚО мемлекеттік меншік комитетімен жеке және заңды тұлғаларға 153 бірлік автокөлігі 2214,0 мың.теңгеге сатылды.

1994 жылы БҚО мемлекеттік меншік комитетінің құрылымында:

басшылық бөлімде - 5 адам, жекешелендіру бөлімінде – 4 адам, шағын жекешелендіру бөлімінде - 4, экономикалық қорытындылау, бақылау, ақпарат және мемлекеттік тіркеу бөлімінде - 4, агроөндірістік кешен бөлімінде - 3, шаруашылық бөлімінде-5адам.

Құжаттардың ғылыми-техникалық өңдеу жұмыстары 1994 жылғы жұмыс барысында ашылған құжаттарға жүргізілді. Ауыспалы істер болуына байланысты құжаттардың уақыт хронологиясы 1994-2006 жылдар болып белгіленді.

Ғылыми – техникалық өңдеу жұмыстарын жүргізуде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы «26» желтоқсандағы № 1605 қаулысымен бекітілген Сақтау мерзімдерін көрсете отырып, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар қызметінде жасалатын үлгілік құжаттар тізбесі және 1994 жылға арналған істер номенклатурасы басшылыққа алынды.

Мұрағаттық қордың маңызы мен құрамын сипаттайтын құжаттар келесідей:

1) тұрақты сақталатын істер - негізгі қызмет бойынша бұйрықтар, аумақтық комитеттің қаулылары, кәсіпорындарды жекешелендіру бойынша құжаттар, мемлекеттік меншіктегі объектілерді жекешелендіру бойынша өткізілген аукциондар мен конкурстардың құжаттары, автокөліктерді аукцион арқылы сату бойынша өткізілген аукциондар мен конкурстардың құжаттары, штаттық кесте және шығындар сметасы, жылдық бухгалтерлік есеп;

2) жеке құрам бойынша істер - жеке құрам бойынша бұйрықтар, комитеттің штат тізімдегі қызметкерлер құрамы, еңбек ақы есептеу кітабы.

Құжаттар қағаз тасымалдағышында. Құжаттардың тілі- орыс тілі, құжаттардың жағдайы – қанағаттанарлық.

Істердің құрамы бойынша құжаттардың толық еместігі анықталды. Соның ішінде 1994 жылы жұмыстан босатылған қызметкерлердің жеке істері жетіспеді. Құжаттардың болмау себебін жауапты мамандар бұл істер ашылмаған немесе уақыт көп өтуіне ол уақытта жұмыс істемегеніне байланысты аталған істердің қайда болуы мүмкіндігін білмейтіндігімен түсіндірді.

Өңдеу барысында №3-6.1, 3-6.2, 3-6.3, 3-6.4, 3-6.5 индексмен жаңа істердің атаулары енгізілді, бұл істер 1994 жылғы істер номенклатурасында болмау себептері бойынша.

Тұрақты сақталатын істердің №1 (жалғасы) тізімдемесінде уақыт хронологиясымен келмейтін істер кездеседі. Оның себебі бір мекеменің жекешелендіру құжаттары бір неше томдарға бөлініп тігілген, яғни өтінішке немесе жекешелендіру туралы қаулысына олар қабылданған уақытынан бұрын бекітілген инвентаризациялау актілері, негізгі қорлардың тізімдемелері, бухгалтерлік баланстар сияқты құжаттар жалғанған, оларды томдарға бөліп, тізімдемеде орналастыру реттілігі уақыт хронологиясына қарамастан, бір мекеменің құжаттары бір бірінің қасына орналастырылды.

Құжаттарды ғылыми-техникалық өңдеу қорытындысы бойынша 1994 жыл аралығында ашылған істерге (уақыт хронологиясы бойынша 1994-2006 жж.):

- 1) 1994-2006 жылдарғы тұрақты сақталатын істердің № 1 тізімдемесі (жалғасы) – 299 іс;
- 2) 1994 ж. жеке құрам бойынша істердің № 1-ж тізімдемесі (жалғасы) – 5 іс;
- 3) 1994 жылғы сақтауға жатпайтын құжаттарды жоюға бөлу туралы актісі – 55 іс;
- 5) қордың тарихи анықтамасы жасалды.

Анықтама жасаған



Д.Ерғалиева